

## **2 - ТАҚЫРЫП**

**НОТАРИАЛДЫҚ ІС-  
ӘРЕКЕТТЕРДІ  
ЖАСАУҒА ҚҰҚЫЛЫ  
ТҰЛҒАЛАР.  
НОТАРИУСТАРДЫҢ  
МІНДЕТТЕРІ МЕН  
ҚҰҚЫҚТАРЫ.**

# ЖОСПАР:

- 1) Мемлекеттік және жекеше нотариустар.
- 2) Консулдық мекемелердің және жергілікті әкімшіліктер аппаратының лауазымды тұлғалары.
- 3) Сенімхат пен өсиеттерді куәландыруға құқылы лауазымды тұлғалар.
- 4) Нотариустардың құқықтары мен міндеттері, оларға қойылатын шектеулер.

# 1 сұрақ. Мемлекеттік және жекеше нотариустар

Мемлекеттік нотариус		Жекеше нотариус
	<ul style="list-style-type: none"><li>□ 25 жасқа толған;</li><li>□ жоғары заң білімі бар;</li><li>□ заңгер мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар;</li><li>□ Әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан өткен;</li><li>□ нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен;</li><li>□ Қазақстан Республикасының азаматы.</li></ul>	<b>Нотариус лицензиясы</b>

# МЕМЛЕКЕТТІК НОТАРИУС:

- Нотариалдық іс-әрекеттері үшін аумақтық әділет органы **мүліктік жағынан** жауап береді;
- Аумақтық **әділет органының** құрылымдық бөлімшесі болып табылады, заңды тұлға құқығы болмайды;
- Мемлекеттік нотариус лауазымына үміткер аумақтық әділет органының бұйрығымен **тағайындалады**;
- Мемлекеттік нотариустың да, көмекшісінің де жалақылары **мемлекеттік бюджеттен** төленеді;
- Мемлекеттік нотариустың қызмет барысында жинақталған нотариалдық құжаттар мемлекеттік **архивке** сақталуға жіберіледі.

# **ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН НОТАРИУС:**

- **заңды тұлға құрмай**, лицензия негізінде нотариалдық қызметпен айналысатын;
- өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін нотариалдық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде **зиян келтіру салдарынан** туындайтын міндеттемелер бойынша сақтандырған;
- **нотариалдық палатаға** мүше болған;
- аумақтық әділет органында есептік тіркеуінен өткен азамат;
- қызмет жасауы үшін кеңсесі бар тұлға.
- Жекеше нотариустардың нотариалдық қызмет барысында жинақталған құжаттары **Жеке нотариалдық архивке** тапсырылуы қажет.

## 2 СҰРАҚ. ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМШІЛІКТЕР АППАРАТЫНЫҢ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

**Нотариалдық іс-әрекеттер жасауға құқылы:**

**1. аудандық маңызы  
бар қалалардың,  
кенттердің, ауылдардың  
(селолардың), ауылдық  
(селолық) округтердің  
әкімдері  
аппараттарының  
нотариалдық іс-  
әрекеттер жасауға  
уәкілетті лауазымды  
тұлғалары.**

**2. Қазақстан  
Республикасының  
атынан **консулдық  
қызмет** атқаратын  
тұлғалар.**

**1. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (село­лардың), ауылдық (село­лық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариалдық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды тұлғалары:**

- нотариалдық іс-әрекеттер жасау құқығын алу үшін аумақтық әділет органында **аттестациядан өтеді;**
- Аттестацияланушыға нотариалдық іс-әрекеттер жасау құқығын беру туралы **шешім** жергілікті атқарушы органның уәкілетті лауазымды адамын белгіленген тәртіп пен мерзімдерде, бірақ кем дегенде екі жылдан аспайтын мерзімде кезекті аттестациядан өткізуге дейін нотариалдық іс-әрекеттер жасауға өкілеттік беретін жалғыз құжат болып табылады.

## 2. Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын тұлғалар:

- Республикасының **Сыртқы істер министрлігіне** бағынысты;
- Консулды қызметке Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі **тағайындайды;**
- Консулдық Жарғының 43-44 тармақтарында бекітілгендей консул Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес **нотариалдық қызмет көрсетеді.**



### **3 СҰРАҚ. СЕНІМХАТ ПЕН ӨСИЕТТЕРДІ КУӘЛАНДЫРУҒА ҚҰҚЫЛЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР.**

**Азаматтық заңнамалар кейбір  
нотариалдық іс-әрекеттерді жасауға  
арнайы үәкілетті лауазымды  
тұлғаларға құқық береді. Мұндай  
лауазымды тұлғалармен  
рәсімделген **сенімхаттар** мен  
**өсиеттер** нотариалды  
рәсімделгендерге теңестіріледі.**

# ҚР АҚ-нің 167-бабына сәйкес нотариустар қуәландырған **сенімхаттарға** келесі лауазымды тұлғалар қуәландырған сенімхаттар теңестіріледі:

- 1) госпитальдарда, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілердің және өзге де адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері қуәландырған;
- 2) мемлекеттік нотариалдық кеңселер мен басқа да нотариалдық әрекет жасайтын органдары жоқ әскери бөлімдер, құрамалар, мекемелер және әскери-оқу орындары орналасқан мекендердегі осы бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, оқу орындарының командирлері (бастықтары) қуәландырған әскери қызметшілердің сенімхаттары, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелері мен әскери қызметшілер отбасы мүшелерінің сенімхаттары;
- 3) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары қуәландырған;
- 4) халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі кәмелетке толған әрекет қабілеттігі бар азаматтардың осы мекеменің немесе тиісті халықты әлеуметтік қорғау органдарының басшысы қуәландырған.

# ҚР АҚ-нің 1052-бабына сәйкес нотариуспен куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер:

- 1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;
- 2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері;
- 3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;
- 4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;
- 5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ мекен-жайлардағы әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;
- 6) бас бостандығынан айыру орындарында жазаларын өтеп жүрген адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі.

# 4 СҰРАҚ. НОТАРИУСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

Нотариустардың құқықтары ҚР Нотариат туралы Заңның **17-бабында** көзделген:

- 1) өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген нотариалдық іс-әрекеттер жасауға;
- 2) мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға;
- 3) құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге;
- 4) нотариалдық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге;
- 5) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан нотариалдық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтер талап етуге;
- 6) ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызметпен айналысуға құқылы.

## Нотариустардың міндеттері:

- 1) Нотариат туралы Заңның және Қазақстан Республикасының нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариалдық іс-әрекеттер жасауға міндетті;
- 2) азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариалдық іс-әрекеттерінің салдары жөнінде ескертуге;
- 3) кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариалдық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға;
- 5) кәсіптік әдепті сақтауға;
- 6) әділет органына және (немесе) нотариалдық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариалдық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге;

- 7) өз лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда Нотариалдық іс жүргізу жөніндегі қағидада көзделген тәртіппен өзінің өндірісіндегі құжаттарды басқа нотариуска беруге;
- 8) өз лицензиясының қолданылуы Нотариат туралы Заңның 12 бабы 1 тармағының 1), 2), 4), 4-1 және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайларда (нотариус өз тілегімен өтініш бергенде; азаматтығын өзгерткенде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрғылықты мекен-жайына кеткенде; қылмыс жасағаны үшін сотталғанда - үкім заңды күшіне енгеннен кейін; ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шыққанда), сақтауындағы барлық нотариалдық құжаттарды жекеше нотариалдық мұрағатқа беруге;
- 9) өз тегінің, атының, әкесінің атының және өз үй-жайы орналасқан жерінің өзгеруі жөніндегі мәліметтерді бір ай ішінде аумақтық әділет органына ұсынуға міндетті.
- Нотариалдық қызмет ақылы болғандықтан нотариус ақшалай төлемдерді қабылдау үшін **бақылау-кассалық құрал** қолдануға тиіс.

## **Нотариустардың қызметіне қойылатын шектеулер:**

- 1) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;**
- 2) шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге;**
- 3) өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус міндеттерін орындауға құқығы жоқ;**
- 4) жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай өз міндеттерін орындауға;**
- 5) нотариустың жеке мөрін оның лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңге аумақтық әділет органына тапсыруын қоспағанда, факсимилені пайдалануға және жеке мөрін басқа адамға беруге;**
- б) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, есептік тіркеу орнынан тыс жерде қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!





